MAUNFELD

ЖАҢА УАҚЫТТЫН ТЕХНИКАСЫ

КІРІКТІРІЛЕТІН ЭЛЕКТР ТҰМШАПЕШТІ

МИКРОТОЛҚЫНШЫ ПЕШ ФУКНЦИЯСЫ БАР

КІРІКТІРІЛЕТІН ТҰМШАПЕШТІ

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

MCMO.44.9GB/GW/S/BG/XX

4824484

EAC

Ver.03

www.maunfeld.ru

MAUNFELD

СІЗГЕ сеніміңіз үшін **АЛҒЫСЫМЫЗДЫ** білдіреміз және жаңа аспапты сатып алуыңызбен құттықтаймыз.

Бұйымды ыңғайлы және қарапайым пайдалану үшін біз пайдалану бойынша толық нұсқаулықты дайындадық. Ол сізге жаңа бұйыммен тезірек танысуға көмектеседі.

Бұл нұсқаулықта сіздің бұйымыңызды қауіпсіз орнату, пайдалану және оған күтім көрсету бойынша маңызды ақпарат, сонымен қатар бұйымнан барынша көп пайда көруге мүмкіндік беретін барлық қажетті ескертпелер бар.

Бұл нұсқаулықты қажет кезде пайдалану үшін сенімді, әрі оңай қол жетімді жерде сақтаңыз.

Пайдалану бойынша нұсқаулықты біздің сайттан таба аласыз:**www.maunfeld.ru**

MAUNFELD

МАЗМҰНЫ

3-бет	ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ	ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ
4-бет	АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ	
5-бет	БҰРЫЛМАЛЫ ТҮПҚОЙМАНЫ ОРНАТУ	АСПАПТЫ ОРНАТАР АЛДЫНДА
6-бет	ОРНАТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР	
8-бет	БҰЙЫМДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР	ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ЫДЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР
13-бет	ЫДЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	
14-бет	ЫДЫС-АЯҚТЫ ТЕКСЕРУ	
18-бет	МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ	ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ОРНАТУ СИПАТТАМАСЫ
19-бет	МОНТАЖДАУ БОЙЫНША ЕСКЕРТПЕЛЕР	
21-бет	МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ ОЙЫҚҚА ОРНАТУ	
23-бет	ОРНАТУ БОЙЫНША ҚАДАМДАР	
24-бет	МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ ДҰРЫС ОРНАТУ	АСПАПТЫ ОРНАТҚАННАН КЕЙІН
25-бет	БАСҚАРУ ПАНЕЛІ	БАСҚАРУ ПАНЕЛІ
29-бет	УАҚЫТ ОРНАТУ	АЛҒАШҚЫ ҚОСУ
30-бет	ЖЫЛЫТУ ТҮРІН ЖӘНЕ ТЕМПЕРАТУРАНЫ ОРНАТУ	
31-бет	АЛДЫН АЛА ТЕЗ ЖЫЛЫТУ	ӘЗІРЛЕУ
32-бет	ҚУАТ РЕЖИМДЕРІ	
33-бет	АЖЖ ҚОСУ	
34-бет	КОМБИ РЕЖИМІ	
35-бет	АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ӘЗІРЛЕУ	

MAUNFELD

МАЗМҰНЫ

38-бет ЕРІТУ РЕЖИМІ
39-бет МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ КҮТУ
40-бет СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛМАС БҰРЫН
41-бет ҚАТЕЛЕР ТУРАЛЫ СИГНАЛ БЕРУ
42-бет КЕПІЛДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ
44-бет ТАСЫМАЛДАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ
44-бет КӘДЕГЕ ЖАРАТУ
45-бет САТУДАН КЕЙІНГІ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
50-бет ӨНДІРУШІДЕН АҚПАРАТ

ӘЗІРЛЕУ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ

1. Микротолқынды пештің қабын ашып, қаптайтын үлдірін, пенопластты, жабыспақ таспаны, бекіткіш керек-жарақтарды алып тастаңыз.

2. Барлық керек-жарақтар мен құжаттардың бар болуын тексеріңіз.

3. Қаптама материалын шешкеннен кейін микротолқынды пешті таңдаған орныңызға орнатыңыз.

4. Микротолқынды пештің жан-жағында бос орын жеткілікті болуын және ауа еркін айналуын қадағалап, суретте көрсетілген минималды орнату қашықтықтарын сақтаңыз.

5. Микротолқынды пеш теледидар және радиоқабылдағыштардан жеткілікті қашықтықта орнатылған болуы керек. Жұмыс барысында микротолқынды пеш кескін беру кезінде кедергі келтіруі және шуыл шығаруы мүмкін.

6. Микротолқынды пеш жабық қораптарда немесе кіріктіріліп орнатылатын техникаға арналған орындарға орнатылмауы тиіс.

7. Микротолқынды пешті бөлмеден тыс жерде немесе электр қауіпсіздігі нормаларына сай келмейтін бөлмелерде орнатуға болмайды.


8. Микротолқынды пештің артқы панелі қабырғадан жеткілікті қашықтықта орналасуы үшін шектеуіштерді орнату керек. Қабырғадан 10 см, басқа заттардың шеткі қабырғалардан 15 см, жоғарғы жағынан 30 см қашықтықтан болуы керек.


Назар аударыңыз!

Корпустың жоғарғы, артқы және бүйірлік беттеріндегі желдеткіш тесіктерін блоктауға болмайды. Бұл микротолқынды пештің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Балаларға қаптама материалдармен ойнауға рұқсат бермеңіз!

АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ





1. Басқару панелі
2. Гриль
3. Жарықтандыру
4. Пештің пісіру деңгейі
5. Шыны есік
6. Есіктің ілгегі
7. Айналып тұратын сақина
8. Грильге арналған дөңгелек қойғыш тор
9. Грильге арналған шаршы тор
10. Әмбебап түпқойма
11. Керамикалық түпқойма
12. Дөңгелек эмальданған түпқойма

АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

БҰРЫЛМАЛЫ ТҮПҚОЙМАНЫ ОРНАТУ

a. Пісіру кезінде әрдайым эмальданған дөңгелек түпқойманы және айналмалы тығыздағыш сақинаны қолданыңыз.

b. Түпқойманы ешқашан төңкеріп қоймаңыз. Тексеріңіз – түпқойма бір жерде қатты бекітілмеуі керек.

c. Барлық тағамдар мен контейнерлерді тек пісіру түпқоймасында қою керек.

d. Түпқойма немесе айналмалы тығыздағыш сақинасы жарылған немесе сынған болса, жақын жердегі уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

АСПАПТЫ ОРНАТАР АЛДЫНДА

ОРНАТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР

1. Қуат кернеуі бұйымның техникалық сипаттамалары тақтайшасында көрсетілген мәндерге сәйкес келмейді.

2. Розетка электр қауіпсіздігі нормаларына сәйкес жерге тұйықталған.

3. Розетка микротолқынды пеш ашасына сәйкес келеді, олай болмаса, розетканы немесе ашаны ауыстырыңыз.

4. Розетканың жерге қосуы электр қауіпсіздігі нормаларына сәйкес.

5. Орнатқаннан кейін қуат кабеліне және ашасына еркін қол жеткізуге болатын орын болуы керек.

6. Қуат кабелі ширатылмауы, тартылмауы, қысылмау немее микротолқынды пештің түбінде орналаспауы керек.

7. Ұзартқыштарды немесе көп ұялы розеткаларды пайдалануға болмайды.

Өндіруші жоғарыдағы ескертпелер мен ұсыныстарды орындамаған жағдайда адамдарға келтірілген зақым үшін жауапкершіліктен босатылады.

«Гриль» немесе «Комбинациялық режим» функцияларын алғаш пайдаланар алдында пешті, ішіне тамақ салмай, аксессуарларын орнатпай, гриль режимінде 10 минутқа қосып қойыңыз. Бұл ішіндегі майдан арылуға көмектеседі.

Жабдық тасымалдаған кезде зақымдалмауына көз жеткізіңіз. Механикалық немесе басқа зақымдалуларды анықтаған жағдайда, микротолқынды пешті орнатпай тұрып, дереу сатушыға хабарласыңыз.

АСПАПТЫ ОРНАТАР АЛДЫНДА

ОРНАТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Микротолқынды пешті тек нұсқаулықта көрсетілген мақсатына сәйкес пайдаланыңыз.

Химиялық коррозиялық материалдарды қолданбаңыз, бұйым ішін буландырмаңыз.

Пештің осы түрі тамақ жылытуға, дайындауға, «фри» дайындауға арналған. Ол өнеркәсіптік немесе зертханалық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.

Микротолқынды пешті, ішінде тамақ жоқ кезде пайдаланбаңыз, бұл аспаптың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Пешті кабелі немесе ашасы зақымдалған болса, қоспаңыз. Егер зақымдалған кабель бұйыммен бірге жеткізілген боса, оны өндіруші немесе оның сервистік агенті ауыстыруы тиіс

Назар аударыңыз: егер пеш комбинация режимінде жұмыс істеп тұрса, оны балалар тек ересектердің қадағалауымен пайдалануы тиіс, өйткені ол жерде жоғары температура болады.

Назар аударыңыз: егер бала түсінікті нұсқаулар алып, бұйымды қауіпсіз режимде пайдалана алатын болса ғана балаған пешті пайдалануға рұсқат беріледі.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

НҰСҚАУЛЫҚПЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ОНЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ!

Бір рет пайдаланатын пластик, қағаз немесе басқа материалдардан жасалған контейнерлерді пайдаланған кезде дайындау процесіне мұқият болу керек.

Микротолқынды пеште жанып кетуге жол бермеу үшін АЖЖ-ға салар алдында ширатылған сымдарды (қысқыштарды) қағаз және полиэтилен пакеттерінен алып тастаңыз.

Түтінді байқасаңыз, пешті өшіріп, оның есігін жалынды сөндіру үшін жабық ұстаңыз.

Микротолқынды пештің ішінде тамақты және басқа заттарды сақтауға болмайды, өйткені ол кездейсоқ қосылуы мүмкін.

Микротолқынды пешті қағаз, газет, киім және басқа материалды кептіру үшін пайдалануға болмайды. Өрт шығуы мүмкін.

Майды жылытуға болмайды, өйткені май температурасын бақылау қиын. Толқын өткізгіштің қақпағын ылғал матамен, ал май қалдықтарын құрғақ матамен сүртіңіз. Жиналған май күйіп, өртке әкелуі мүмкін.

Тамақты аз көлемде немесе ылғалдығы төмен тағамдарды ұзақ уақыт әзірлеген кезде, олар кеуіп, күйіп кетуі мүмкін.

Тамақ тұтанып кетсе, пешті өшіріп, есігін ашпай тұрып, желі сымын розеткадан ажырату керек.

Түтін шыққан жағдайда пеш жұмысын тоқтатып, есігі жабық күйде желі кабелін розеткадан ажыратыңыз немесе пәтердегі электр қуатын өшіріңіз.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

НҰСҚАУЛЫҚПЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ОНЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ!

Ыстық тамақты немесе тамақтары бар ыстық контейнерді суық түпқоймаға қоюға, сонымен қатар мұздатылған тамақты ыстық түпқоймаға қоюға болмайды, бұл бұралмалы түпқойманың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Назар аударыңыз: сұйықтықты немесе басқа тамақты саңылаусыз контейнерлерде жылытуға болмайды, олар жарылуы мүмкін.

Микротолқынды пеште сусынды жылытсаңыз ол «уақыты кідіртіліп», тасып қайнауы мүмкін.

Сондықтан пештен сусыны бар ыдысты алып шыққанда абайлаңыз.

«Фри» тағамын микротолқынды пеште сақтамаңыз. Ыстық ма пештің бөлшектерін, ыдысты зақымдап, күйік шалуға әкелуі мүмкін.

Микротолқынды пеште қабығы аршылмаған жұмыртқаны пісіруге немесе піскен жұмыртқаны жылытуға болмайды, өйткені олар ішкі қысым артқандықтан жарылуы мүмкін.

Картоп, кәдіш, асқабақ, алма, талшын жаңғағы сияқты қабығы қалың тамақты пісірер алдында тесіп қойыңыз.

Баланы тамақтандыруға арналған бөтелкелердің ішіндегісін, балалар тамағын алдымен жақсылап шайқау керек, жылыған тамақтың температурасын балаға бермей тұрып тексеру керек.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

НҰСҚАУЛЫҚПЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ОНЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ!

Микротолқынды пеш тамақты мұздан ерітуге, пісіруге, буға пісіруге арналған. **Кәстрөлдің қақпағын немесе қаптайтын жұқалтырды ашқан кезде бу шығуы мүмкін!**

Ыдыс тамақ ысығандықтан қатты ысуы мүмкін. Ыдысты микротолқынды пештен шығару үшін ұстағышты немесе қолғапты пайдаланыңыз.

Ыдыстың мақсаты микротолқынды пешде дайындауға арналған болуы керек.

Назар аударыңыз: бұйымның қақпағын/микротолқынды энергиядан жарылыстан қорғайтын жабынын шешіп жөндеуді жұмыстарын маман жүргізбесе, үлкен жарақаттарға әкелуі мүмкін.

Бұл бұйымды I класының жабдығымен бірге орнатсаңыз, ол қорғаныстық жерге қосуды және қысқа тұйықталудан қорғанысты қамтамасыз ететін негізгі оқшаулауы бар, бірақ қол жетімді өткізгіш бөлшіктері электр тогын өткізетін бөліктері негізгі оқшаулауы зақымдалғанда әсер етпейтіндей болып, қорғаныстық жерге қосу сымымен қосылған сыммен жалғанған екендігін естен шығармаңыз.

II класының жабдығын пайдаланған дұрыс (тұрғын үйлерде қолданылады), өйткені ол толық жерге қосу қорғанысын және қысқа тұйықталудан қорғанысты қамтамасыз етеді. Ұзартылған сымды пайдалану керек болса, үш сымдық қуат кабелін пайдаланыңыз. Қысқа кабель шатасу қаупін азайтады. Ұзын кабель керек болса, ол үш сымдық болы керек және оның электр параметрлері бұйымның электр параметрлеріне сәйкес болуы, сым үстелден бала немесе ересек адам шалынып құлайтындай етіп салбырап тұрмауы тиіс.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

НҰСҚАУЛЫҚПЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ОНЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ!

Микротолқынды пешті балаларға, координациясы немесе психикасы бұзылған мүмкіндігі шектеулі адамдарға немесе жеткілікті білімі мен тәжірибесі жоқ адамдарға, қадағалаусыз немесе оларға жауапты болатын адамның көмегінсіз пайдалануға болмайды.

Балаларға микротолқынды пешпен ойнауға рұқсат бермеңіз!

Назар аударыңыз: пешті асүй плитасының кемпіректеріне немесе басқа қыздыру бұйымдарына қоюға болмайды.

Бұйымның қолжетімді бөліктері ас пісіру кезінде қызуы мүмкін.

Микротолқынды пештің есігі немесе беті тамақ пісірген кезде қызып кетуі мүмкін.

Назар аударыңыз: егер есігі немесе бекіткіштері зақымдалған болса, шеберді шақыру керек және оны жөндемейінше пайдаланбау керек.

Нұсқауларда микротолқынды пеш сыртқы таймерден немесе ҚБ пультінен жұмыс істемейтіні көрсетілуі керек (моделіне байланысты).

Микротолқындыпешті роликтік сақинасыз және әйнек бұрылмалы түпқоймасыз пайдалануға болмайды.

Тек осы пешке арналған арнайы бұрылмалы түпқойманы пайдаланыңыз.

Егер әйнек бұрылмалы түпқойма әлі ыстық болса, оны жуар, тазалар алдында суытыңыз. Әйнек бұрылмалы түпқоймадағы тамақ немесе ыдыс пештің қабырғаларына тимейтініне және айналуға кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

НҰСҚАУЛЫҚПЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ОНЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ!

Корпусының қақпағын ашып жүргізілетін микротолқынды пешті жөндеу жұмыстары қауіпті, өйткені қақпағы микротолқынды радиациядан қорғайды. Бұл сымды ауыстыруға да қатысты. Сондықтан пешті жөндеу үшін өкілетті маманды шақыртыңыз!

Өндіруші жоғарыдағы ескертпелер мен ұсыныстарды орындамаған жағдайда адамдарға келтірілген зақым үшін жауапкершіліктен босатылады.

8 жасқа толмаған балаларға микротолқынды пешті жууға немесе тазалауға болмайды!

ҚОСЫМША: БҰЙЫМДЫ ТАЗА ҰСТАМАСА, ОНЫҢ БЕТІНІҢ САПАСЫ НАШАРЛАП, ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІНЕ ӘСЕР ЕТІП, ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙЛАРҒА ӘКЕЛУІ МҮМКІН.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ЖАЗАТАЙЫП ОҚИҒА ҚАУПІ. МИКРОТОЛҚЫНДЫ ЭНЕРГИЯ ӘСЕРІНЕН ҚОРҒАЙТЫН ҚАҚПАҒЫН АШЫП ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ НЕМЕСЕ ЖӨНДЕУДІ ТЕК БІЛІКТІ ТҰЛҒА ҒАНА ОРЫНДАУЫ КЕРЕК.

ЫДЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Микротолқынды пеште пайдалануға арналған ыдысты және контейнерлерді пайдалану керек. Бұл контейнерлер термотөзімді керамикадан, әйнектен немесе пластиктен жасалған болуы керек. **Микротолқынды пеште тамақ пісіру немесе жылыту үшін метал ыдысты пайдалануға болмайды, бұл ұшқын шығуға әкелуі мүмкін.**

Материал	АЖЖ	Түсініктемелер
Термотөзімді керамика	Иә	Жақтауы метал немесе сәндік әйнегі бар керамикалық ыдысты пайдалануға болмайды.
Термотөзімді пластик	Иә	Тағамдарды ұзақ уақыт дайындау үшін пайдаланбаңыз.
Термотөзімді әйнек	Иә	
Грильге арналған қойғыш	Иә	
Пластик үлдір	Иә	Етті, жаншылған етті пісіруге пайдалануға болмайды, өйткені жоғары температура үлдірді зақымдауы мүмкін.

«Микротолқынды пеште қолдануға болатын немесе болмайтын материалдар» нұсқауларын қараңыз.

ЫДЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ЫДЫС-АЯҚТЫ ТЕКСЕРУ

Пеште пайдалануға болмайтын белгілі бір метал емес ыдыс бар. Егер сенімсіз болсаңыз, төмендегі тәртіп бойынша қолыңыздағы ыдысты тексере аласыз.

1. Тексерілетін ыдыспен бірге сенімді контейнерге 1 стакан салқын су құйыңыз (250 мл).

2. Максималды қуатпен 1 минут ішінде пісіріңіз.

3. Ыдысты абайлап ұстап көріңіз. Егер сыналатын ыдыс жылы болса, оны микротолқынды пеште қолдануға болмайды.

4. Оны 1 минуттан асырмай қыздырыңыз.

ЫДЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТЕ ҚОЛДАНУҒА БОЛАТЫН МАТЕРИАЛДАР

Пеште пайдалануға болмайтын белгілі бір метал емес ыдыс бар.

ЫДЫС	ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қуыруға арналған ыдыс	Өндіруші нұсқаулықтарын орындаңыз. Қуыруға арналған ыдыстың түбі кемінде 5 мм болуы керек. Айналмалы беттен. Дұрыс қолданбау бұрылмалы табақтың зақымдануына әкелуі мүмкін.
Ас-үй ыдыс-аяғы.	Тек микротолқынды пешке жарамды. Өндіруші нұсқаулықтарын орындаңыз. Шытынаған немесе кетігі бар ыдысты пайдаланбаңыз.
Әйнек сауыттар	Әрқашан қақпақты ашыңыз. Тағамды тек жылы болғанша жылытыңыз. Әйнек контейнерлердің көбі ыстыққа төзімді емес, сондықтан шытынауы мүмкін.
Шыны ыдыс-аяқ	Тек пешке арналған ыстыққа төзімді шыны ыдыс. Оған металл жиектері жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Шытынаған немесе кетігі бар ыдысты пайдаланбаңыз.
Пеште пісіруге арналған шағын қапшықтар	Өндіруші нұсқаулықтарын орындаңыз. Металл бөлшектерді жаппаңыз. Бу шығатын саңылау жасаңыз.
Қағаздан жасалған табақтар мен кеселер	Тек қысқа мерзімдік дайындау/жылыту үшін ғана пайдаланыңыз. Дайындаған кезде пешті қараусыз қалдырмаңыз.

ЫДЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТЕ ҚОЛДАНУҒА БОЛАТЫН МАТЕРИАЛДАР

ЫДЫС	ЕСКЕРТПЕЛЕР
Қағаздан майлықтар	Қайталап қыздырғанда және майды сіңіру үшін тамақтың бетін жабу үшін қолдануға болмайды. Тек қадағалаумен қысқа мерзімдік дайындау/жылыту үшін ғана пайдаланыңыз.
Пергамент қағазы	Шашыруды болдырмау үшін немесе тағамды буға пісіру үшін орауыш ретінде қолданыңыз.
Пластмасса	Тек микротолқынды пешке жарамды. Өндіруші нұсқаулықтарын орындаңыз. «Микротолқынды пешке арналған» деген затбелгісімен қамтамасыз етілген болуы керек. Пластмасса ыдыстың кейбір түрлері жұмсарады, себебі олардың ішіндегі тағам қызады. «Қайнатуға арналған пакеттер» мен тығыз жабық полиэтилен пакеттер кесілген, тесілген немесе қаптамасына байланысты желдеткіш тесіктері болуы керек.
Тамақ үлдірі	Тек микротолқынды пешке жарамды. Ыдысты тамақ пісірген кезде ылғалды ұстап тұру үшін жабуға арналған. Тамақ үлдірі тамаққа тимеуі керек.
Термометрлер	Микротолқынды пештерге (ет пен тоқаш пісіруге арналған термометрлер) ғана арналған.
Балауыз қағаз	Шашыраудың алдын алу үшін және Сіз дайындаған тағамның ішіндегі ылғалды ұстап тұру үшін орам ретінде пайдаланыңыз.

ЫДЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТЕ ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙТЫН МАТЕРИАЛДАР

ЫДЫС	ЕСКЕРТПЕЛЕР
Алюминий түпқойма	Материал электр доғасының пайда болуына әкелуі мүмкін. Азық-түлікті микротолқынды пешке қауіпсіз ыдыстарға салыңыз.
Метал тұтқасы бар тамақ картоны	Материал электр доғасының пайда болуына әкелуі мүмкін. Азық-түлікті микротолқынды пешке қауіпсіз ыдыстарға салыңыз.
Метал ыдыс немесе метал жақтауы бар ыдыс	Метал тамақты микротолқынды энергиядан қорғайды. Метал жақтау электр доғасының пайда болуына әкелуі мүмкін.
Шинатылған метал бекітпелер	Электр доғасына немесе өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін.
Қағаз пакеттер	Пеште өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
Пенопласт	Пенопласт еріп, жоғарғы температураның әсерінен сұйықтыққа түсуі мүмкін.
Ағаш	Ағаш микротолқынды пеште қолданылған жағдайда кебуі немесе жарылуы мүмкін.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

СИПАТТАМАЛАРЫ	MCMO.44.9GB/GW/S/BG/XX
КЕРНЕУ	230 В, 50 Гц
ТОЛЫҚ ТҰТЫНЫЛАТЫН ҚУАТЫ	3350 Вт
НОМИНАЛДЫ ШЫҒАТЫН ҚУАТЫ (ҚЫСҚА ТОЛҚЫНДЫ)	900 Вт
НОМИНАЛДЫ КІРІС ҚУАТЫ (ҚЫСҚА ТОЛҚЫНДЫ)	1650 Вт
ЫСТЫҚ АУАНЫҢ ҚУАТЫ	1750 Вт
ТӨМЕНГІ ЖЫЛЫТУ ҚУАТЫ + ЫСТЫҚ АУА	2300 Вт
ГРИЛЬ ҚУАТЫ	1750 Вт
КОНВЕКЦИЯЛЫҚ ГРИЛЬ ҚУАТЫ	1750 Вт
КОНВЕКЦИЯЛЫ МИКРОТОЛҚЫНДЫ ҚУАТ	3300 Вт
МИКРОТОЛҚЫН ҚУАТЫ + КОНВЕКЦИЯ + ТӨМЕНГІ ҚЫЗДЫРУ	3300 Вт
ГРИЛЬМЕН МИКРОТОЛҚЫНДЫ ҚУАТЫ	3350 Вт
МИКРОТОЛҚЫН ҚУАТЫ + КОНВЕКЦИЯ + ГРИЛЬ	3350 Вт
ПЕШ КӨЛЕМІ	44 л
БҰРЫЛМАЛЫ ТҮПҚОЙМАНЫҢ ДИАМЕТРІ	360 мм
СЫРТҚЫ ӨЛШЕМДЕР (Е × Т × Б)	454 × 595 × 548 мм
ТАЗА САЛМАҒЫ	41 кг

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТУ



Аспапты орнатқаннан кейін қауіпсіздік шарттары мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын ескере отырып, қаптама материалды жойыңыз. Лақтырып тасталған орауыш материалды қайталап пайдалану үшін оны қоқыстың ерекшелігіне байланысты (жұқалтыр, картон, көбікпласт) арнайы қоқыс қабылдағыштарға лақтырыңыз. Қоқысқа кез келген электр аспапты лақтырмастан бұрын, аспапты басқалар пайдаланбау үшін оның кабелін кесіп алыңыз.

АСПАПТЫ ОРНАТУ

МОНТАЖДАУ БОЙЫНША ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қораптан пешті және барлық материалдарды алып шығыңыз, пештің бөлігін босатыңыз.

2. Есіктің тегіс болмауы, есіктің зақымдалуы, есік терезесіндегі сызаттар мен тесіктер, пеш ішіндегі майысулар сияқты зақымдардың жоқтығын мұқият тексеріңіз. Бар болса, пешті желіге қоспаңыз.

3. Аспапты салуға арналған шкафта артқы қабырға болмауы қажет.

4. Қабырға мен аспаптың негізі немесе артқы жағы арасында кемінде 45 мм қашықтық сақталуы қажет.

5. Шұңқыр шкафтың 250 $см^2$ алдыңғы желдеткіш саңылауы болуы қажет.

6. Желдеткіш саңылаулары жабық болмауы керек.

7. Балалардың кез келген әрекеті ересектердің қадағалауымен болуы керек.

Микротолқынды пешті міндетті түрде жерге қосу керек!

АСПАПТЫ ОРНАТУ

МОНТАЖДАУ БОЙЫНША ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Бұл пеш тек кіріктіріліп орнатылып пайдалануға арналған. Ол үстелдің үстінде немесе шкафтың ішінде пайдалануға арналмаған.


2. Желі кернеуі зауыттық төлқұжатта көрсетілген құрылғы кернеуіне сәйкес келуі керек.

3. Адаптерлерді, үштармақтарды және/немесе ұзартқыш кабельдерді пайдалануға болмайды. Артық жүктеме өртке әкелуі мүмкін.

4. Кірістіруге арналған шкаф ыстыққа төзімді болуы керек – 90 °C-қа төзімді болуы қажет.


АСПАПТЫ ОРНАТУ


МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ ОЙЫҚҚА ОРНАТУ



АСПАПТЫ ОРНАТУ

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ ОЙЫҚҚА ОРНАТУ





АСПАПТЫ ОРНАТУ

ОРНАТУ БОЙЫНША ҚАДАМДАР

Кіріктіріліп орнатылатын пештің артқы панелі асүй жиһазының артқы қабырғасымен жабылмауы керек.


Аспаптың айналасында жеткілікті орын қалдырыңыз (орнату сызбасын қараңыз).

Аспапты кірістірілген бөлімнің ішіне мұқият орналастырыңыз, оның тура ортасына орналасқанын тексеріңіз.

Аспаптың есігін ашып, берілген бұрандалармен аспапты бекітіңіз (суретті қараңыз) жалғаушы кабельді майыстырмаңыз.

Кіріктіруге арналған қуыс пен пештің арасында желдетуге қажетті аралықтарды жаппаңыз.

Бұйымды шкафқа салыңыз, ортасынан туралаңыз, және бұрамалармен бекітіңіз.



АСПАПТЫ ОРНАТҚАННАН КЕЙІН

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ ДҰРЫС ОРНАТУ

Назар аударыңыз! Қол жетімді беті пайдаланған кезде ыстық болуы мүмкін.

Әйнек түпқойманы төменгі жағын жоғары қаратып орналастыруға болмайды. Әйнек түпқойма бір жерге бекітілмеуі керек.

Барлық тамақ пен контейнерлерді пісіруге арналғна әйнек түпқоймаға орналастыру керек.

Әйнек түпқойма немесе айналмалы тығыздағыш сақинасы жарылған немесе сынған болса, жақын жердегі уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

Сенсорлық пернелер әртүрлі қосымша функцияларды теңшеу үшін қолданылады. Дисплейде берілген мәндерді көруге/оқуға болады.




Таңба	Функциясы
	Микротолқындар
	Қыздыру
	Комбинация
	Параметрлерді баптау
	Параметрлерді ауыстырып қосу
	Сағат
	Түрту және ұстап тұру: Балалардан қорғау, құлпы Қысқа түрту Стоп
	Қос түрту: Болдырмау
	Старт
A	Авто бағдарламалар
	Еріту
	Қысқа түрту Жылдам алдын ала қыздыру

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

ФУНКЦИЯЛАР МЕН ДИСПЛЕЙ

Функциялық пернелерді қыздыру түрін орнату үшін пайдаланыңыз.

	Функциясы	Пайдалану
	3D Ыстық ауа	Бисквит торттарын қаңылтыр табада және табада пісіру, чизкейк, торт, пицца, шағын тағамдарды қаңылтыр табада пісіру үшін арналған. 50 °C қыздыру жылуды сақтағаннан кейін 1-2 сағат бойы тамақ дәмін сақтауға көмектеседі. Құс еті қоңыр, қытырлақ болады.
	Желдеткіші бар гриль	Көмеш, грильдегі тағамдарды пісіру үшін осы режимді пайдалану ең дұрысы.
	Пиццаны орнату	Астынан көп жылуды талап ететін мұздатылған жартылай фабрикаттар мен тағамдарға арналған.
	Гриль	Жоғары, орташа немесе төмен деңгейлері арасынан таңдап алыңыз. Егер грильде бірнеше стейк, шұжықша, балық бөліктерін, нан үзінділерін пісіргіңіз келсе бұл таптырмас шешім.
	Микротолқындар + Ыстық ауа	Бұл функцияны тамақты жылдам пісіру үшін пайдаланыңыз. Сонымен қатар 3D ыстық ауа функциясын да пайдалануға болады.
	Микротолқындар + Желдеткіші бар гриль	Құс еті қоңыр, қытырлақ болады. Көмеш, грильдегі тағамдарды пісіру үшін осы режимді пайдалану ең дұрысы. Сонымен қатар бұл функцияны тамақты біркелкі етіп қуыру үшін пайдаланыңыз.
	Микротолқындар+ Пицца	Бұл функцияны тамақты жылдам пісіру үшін пайдаланыңыз. Сонымен қатар пицца баптауының функциясын да пайдалануға болады.

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

ФУНКЦИЯЛАР МЕН ДИСПЛЕЙ

Функциясы		Пайдалану
—	Микротолқындар + Гриль	Бұл функцияны тамақты жылдам пісіру және оның сыртқын қоңыр әрі қытырлақ ету үшін пайдаланыңыз.
	Еріту	Ерітудің 2 бағдарламасы.
A	Авто бағдарлама	Әзірлеудің 13 бағдарламасы Қыздыру түрі және дайындау уақыты d03 қоспағанда, салмағы бойынша орнатылады.
	Микротолқындар	Еріту, жылыту және дайындау үшін.

САЛҚЫНДАТАТЫН ЖЕЛДЕТКІШ

Сіздің құрылғыңыз суытатын желдеткішпен жабдықталған. Салқындататын желдеткіш жұмыс барысында қосылады. Ыстық ауа есіктің үстінен шығады. Салқындататын желдеткіш пеш жұмысы аяқталғаннан кейін белгілі бір уақыт бойы жұмыс істеп тұрады.

Абайлаңыз!

Желдету саңылауларын жаппаңыз. Әйтпесе аспап қызып кетуі мүмкін.




■ Микротолқынды пеш режимінде жұмыс істеген кезде аспап суық күйінде қалады. Салқындататын желдеткіш сонда да қосулы болады. Желдеткіш микротолқынды пеш жұмысы аяқталған кезде де жұмыс істеуі мүмкін.

■ Есіктің ішкі әйнегінде, ішкі қабырғаларында және тұмшапештің төменгі жағында конденсат пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және микротолқынды пеш жұмысына кері әсер етпейді. Тамақ пісіріп болғаннан кейін конденсатты сүртіп алыңыз.

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

ПАРАМЕТРЛЕРДІ БАПТАУ

Параметрлерді орнату үшін реттегіш пернелерді пайдаланыңыз.

Параметр	Функциясы
Авто мәзір	P01-P13 аралығында 13 автоматтық бағдарлама таңдаңыз.
Температура	Әзірлеу температурасын (°C) таңдаңыз : 50, 100, 105, 110…230 : 100, 105, 110…230 : 100, 105, 110…230 : 50, 100, 105, 110…230 : 100, 105, 110…230 : 100, 105, 110…230
Салмағы	Пісірілетін тамақ салмағын орнатыңыз.
Уақыты	Пісірілетін тамақ уақытын орнатыңыз.
Микротолқындар	Микротолқындардың қуатын таңдаңыз. 100 W, 300 W, 450 W, 700 W және 900 W.

АЛҒАШҚЫ ҚОСУ

УАҚЫТ ОРНАТУ

Бұл микротолқынды пеш әзірлеу параметрлерін дұрыс реттеу үшін заманауи электр басқаруын пайдаланады.

АЖЖ желіге қосулы болған кезде дисплейде «0:00» көрсетіледі де, дыбыстық сигнал шығады.

1) «Сағат» сенсорын басыңыз, цифрлар жыпылықтайды.

2) < > басып, уақытты (00:00-23:59) орнатыңыз.

3) «Сағат» сенсорын басыңыз. Уақыт орнатылды.

АЛҒАШҚЫ ҚОСУ

ЖЫЛЫТУ ТҮРІН ЖӘНЕ ТЕМПЕРАТУРАНЫ ОРНАТУ

Иісті кетіру үшін пешті бір сағат бойы 230 °C температурада ыстық ауа режимінде.

1) Ыстық ауаны орнату үшін батырмасын басыңыз .

2) Температураны орнату үшін ауыстырып қосу сенсоры басып, < > түртіп, 230 °C таңдаңыз.

3) Уақытты орнату үшін түртіп, одан кейін < > басып, 60 минут орнатыңыз.

4) басыңыз, пеш қыза бастайды.

Асапаты кідіртуге қою үшін, тоқтататын басыңыз. Жалғастыру үшін басыңыз.

Әзірлеу уақытын өзгертуді кез келген уақытта орындауға болады. Пісіру уақытын өзгерту үшін «Сағат» батырмасын, одан кейін < > батырмасын басыңыз.

Кез келген уақытта температураны өзгертуге болады.

Жаңа температураны орнату үшін батырмасын басыңыз. Одан кейін температураны өзгерту үшін < > басыңыз.

Операцияны жою үшін екі рет басыңыз.

ӘЗІРЛЕУ

АЛДЫН АЛА ТЕЗ ЖЫЛЫТУ

Алдын ала жылдам қыздыру арқылы Сіздің пешіңіз қажетті температураға тез қызады.

Жылдам алдын ала қыздыру келесі режимдерде  жұмыс істейді:

1. Ыстық ауа
2. Желдеткіші бар гриль
3. АЖЖ + Ыстық ауа
4. АЖЖ + Желдеткіші бар гриль
5. Пицца
6. АЖЖ + Пицца

Тұмшапеш қызғаннан кейін тағамды пешке салыңыз.

1. Температура мен қызу типін таңдаңыз.
2. «Жылдам қызу» батырмасын басыңыз .
3. -ді басыңыз, пеш қыза бастайды.
4. Пеш қызған кезде дыбыстық сигнал беріледі. Символ дисплейде жыпылықтайды. Тағамды пешке салыңыз. 

Алдын ала қыздыруды жою үшін қыздыру кезінде  немесе  басыңыз.

Функцияны болдырмау үшін тұмшапештің есігін ашуға болады.

Дыбыстық сигнал және жыпылықтаған алдын ала қыздыру белгішесінен кейін ғана тұмшапешге тағамды орналастыра аласыз.

ӘЗІРЛЕУ

ҚУАТ РЕЖИМДЕРІ

Дисплейі	Микротолқынды қуаты
900 Вт	100 %
700 Вт	80 %
450 Вт	50 %
300 Вт	30 %
100 Вт	10 %

Қуаттың максималды деңгейі (900 Вт) суды қайнату немесе сорпа, ыстық сусындар сияқты сұйық тағамдарды жылыту үшін ұсынылады.

Келесі деңгей (700 Вт), сондай-ақ қуырылған ет немесе құс еті, ет еті және т.с.с. тығызырақ тағамдарды жылыту және пісіру үшін қолданылады.

Орта деңгей (450 Вт) сорпалар, балық тағамдарды әзірлеуге арналған.

Төмендетілген қуат параметрі (300 Вт) еріту және баяу пісіру үшін қолданылады. Осы деңгейде май немесе шоколадты еріту үшін ұсынылады.

Соңғы бесінші деңгей (100 Вт) жұмсақ ерітуге, мысалы, қайнатылған тәтті нандар немесе қамыр, және тағамды жылытуға өте қолайлы.

ӘЗІРЛЕУ

АЖЖ ҚОСУ

1.  басыңыз. Дисплейде қуат пен уақыт көрсеткіштері жыпылықтайды.

2.  басыңыз, цифрлар жыпылықтайды. Қажетті уақытты орнату үшін < немесе > басыңыз.

3.  басып, қажетті қуатты < немесе > батырмаларымен орнатыңыз.

4.  басыңыз. Жұмыс басталады да, дайындау уақыты дисплейде кері санауды бастайды.

5. Уақыт аяқталған кезде сигнал естіледі.

Егер жұмыс кезінде есікті ашсаңыз, жұмыс тоқтайды. Есікті жапқаннан кейін  батырмасын басыңыз, жұмыс жалғасады.

Дайындау уақытын өзгертуді және микротолқын қуатын өзгертуді кез келген уақытта жүргізуге болады.

Дайындауды уақытша тоқтату үшін  басыңыз. Қайта бастау үшін .

Операцияны болдырмау үшін  екі рет басыңыз.


Ескертпе:  *басқан кезде, ең жоғары қуат сұралатын параметр ретінде жанады.*

Пісіру кезінде аспапты ашсаңыз, желдеткіш жұмысын жалғастыра алады.

ӘЗІРЛЕУ

КОМБИ РЕЖИМІ

Бұл режим микротолқынды және гриль функцияларын бір уақытта бастайды. Бұл режимде Сіздің тағамыңыз тезірек және қытырлақ қабықпен піседі. Сіз 900 Вт-тан басқа барлық микротолқынды қуатқа ауыса аласыз.

1.  басыңыз.  таңдаңыз.

2. Цифрлар жыпылықтайды,  басыңыз, одан кейін қажетті температураны орнату үшін < немесе > басыңыз.

3.  басып, қажетті қуатты < немесе > батырмаларымен орнатыңыз.

4.  басып, әзірлеу уақытын < немесе > батырмаларымен орнатыңыз.

5.  басыңыз. Пеш жұмыс істей бастайды. Пісіру уақыты кері санауды бастайды.

6. Пісіру уақыты аяқталғаннан кейін сигнал беріледі де, комби режимі аяқталады.

Егер жұмыс кезінде есікті ашсаңыз, жұмыс тоқтайды. Есікті жапқаннан кейін  батырмасын басыңыз, жұмыс жалғасады.

Дайындау уақытын өзгертуді және микротолқын қуатын өзгертуді кез келген уақытта жүргізуге болады.

Дайындауды уақытша тоқтату үшін  басыңыз. Қайта бастау үшін .

Операцияны болдырмау үшін  екі рет басыңыз.

ӘЗІРЛЕУ

АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ДАЙЫНДАУ

Автоматты бағдарламалау тағам дайындауды жеңілдетеді. Сіз бағдарламаны таңдап, тағамның салмағын енгізесіз. Сіз 13 бағдарламалардан таңдай аласыз.

1. A басыңыз. Дисплейде бірінші бағдарлама нөмірі пайда болады.

2. A немесе < немесе > басып, қажетті бағдарламаны орнатыңыз.

3. < немесе > түймелерін пайдалана отырып, салмақты орнату үшін  басыңыз.

4.  басыңыз, таңдалған бағдарлама қосылады да, дайындау уақытының кері санауы басталады.

ӘЗІРЛЕУ

АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ДАЙЫНДАУ

Бағдарлама	Санат	Сипаттамасы
P01**	Көкөністер	Жаңа піскен көкөністер
P02**	Гарнирлер	Тазартылған, пісірілген картоп
P03**	Гарнирлер	Картоп, қуырылған Егер Сіз дыбыстық сигнал естісеңіз, қажет болған жағдайда тағамды аударыңыз. Пісірудің келесі қадамы автоматты түрде басталады.
P04	Тауық/Балық	Құс еті, балық, тауық немесе балық бөліктері. Егер дыбыстық сигнал естісеңіз, қажет болған жағдайда тағамды аударыңыз. Пісірудің келесі қадамы автоматты түрде басталады.
P05*	Пісірме	Пісірме, торт
P06*	Пісірме	Алма бәліші
P07*	Пісірме	Нан бұйымдары, киш (пісірілген сұйықтық құйылған ашық пісірме).
P08**	Жылыту	Сорпа, сусындар
P09**	Жылыту	Тағам бөліктеп ыдысқа немесе табаққа салып қыздыру.
P10**	Жылыту	Тұздықтар, рагу

ӘЗІРЛЕУ

АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ДАЙЫНДАУ

Бағдарлама	Санат	Сипаттамасы
P11*	Жартылай фабрикаттар	Мұздатылған пицца
P12*	Жартылай фабрикаттар	Қуырылған картоп немесе көкөніс тілімдері. Егер дыбыстық сигнал естісеңіз, қажет болған жағдайда тағамды аударыңыз. Пісірудің келесі қадамы автоматты түрде басталады.
P13*	Жартылай фабрикаттар	Мұздатылған лазанья

* Бағдарламалар тұмшапешті алдын ала қыздырады. Жылыту кезінде уақыт санау тоқтап, алдын ала қыздыру белгісі жанады. Пешті алдын ала қыздыру процесі аяқталғаннан кейін Сіз дыбыстық сигнал естисіз, алдын ала қыздыру белгісі жыпылықтай бастайды.

** Бағдарламалар тек микротолқындар функциясын қолданады.

БАЛАЛАРДАН БҰҒАТТАУ ФУНКЦИЯСЫ

Бұғаттау: параметрлерді енгізу үшін күту режимінде 3 секундтай  батырмасын басыңыз – ұзақ сигнал шығады, бұл Сізді балалардан аспапты бұғаттау режиміне кіргеніңізді хабарлайды.  индикаторы жанады.

Бұғаттауды шешу: Бұғаттау қосулы кезде 3 секунд  батырмасын басыңыз, құлыптың алынып тасталғаны туралы ескертетін ұзақ сигнал шығады,  индикатор сөнеді.

ӘЗІРЛЕУ

ЕРІТУ РЕЖИМІ

Ерітудің екі бағдарламасы болады. Сіз тек бағдарламаны таңдап, салмақты белгілеуіңіз керек – еріту уақыты оңтайлы түрде таңдалған. «d01» бағдарламасы етке, құсқа, балыққа арналған. «d02» бағдарламасы нан пісіруге, жемістер мен көкөністерге, десерттер мен торттарды әзірлеуге арналған. Еріту үшін тек «Микротолқын» функциясы қолданылады.

1. Еріту функциясын іске қосу үшін «Еріту» батырмасын басыңыз. Индикаторды қосылады.

2. Бірінші немесе екінші жібіту бағдарламасын таңдау үшін «+» немесе «−» батырмасын басыңыз – дисплейде «d01» немесе «d02» пайда болады.

3. < немесе > түймелерін пайдалана отырып, салмақты орнату үшін  басыңыз.

4.  басыңыз, таңдалған бағдарлама қосылады да, дайындау уақытының кері санауы басталады.

Ескерту: *еріту кезінде дыбыстық сигнал естілсе, есікті ашыңыз, ерітуге тиісті тағамды тексеріп, қажет болса оны аударыңыз. Бағдарламаны жалғастыру үшін есікті жауып, пернесін басыңыз.*

ӘЗІРЛЕУ

ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

Дайындау	Салмағы	Микротолқынды пештің қуатын орнату Вт	Ескертулер
Бүтін тауық, мұздатылмаған	1,5 кг	700 Вт 30-35 мин	15 минуттан кейін аударыңыз
Балық сүбесі, мұздатылмаған	400 г	700 Вт 5-10 мин	
Жаңа піскен көкөністер	250 г 500 г	700 Вт 5-10 мин 700 Вт 10-15 мин	Тең бөлшектерге кесіп, 100 г тамаққа 1-2 ст. су қосып, пісіріп жатқан кезде араластырыңыз.
Картоп	250 г 500 г 750 г	700 Вт 8-10 мин 700 Вт 11-14 мин 700 Вт 15-22 мин	Тең бөлшектерге кесіп, 100 г тамаққа 1-2 ст. су қосып, пісіріп жатқан кезде араластырыңыз.
Күріш	125 г 250 г	700 Вт 7-9 мин + 300 Вт 15-20 мин 700 Вт 10-12 мин + 300 Вт 20-25 мин	Сұйықтықты екі есе қосыңыз, қақпағы бар терең ыдысты пайдаланыңыз
Тәтті өнімдер,	500 мл	700 Вт 7-9 мин	Жұмыртқа араластырғышпен 2-3 рет жылытып жатқанда араластырыңыз
Попкорн	100 г	700 Вт 3-50 мин	

ӘЗІРЛЕУ

ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

Accessories	Әзірлеу режимі	Температура °C	Микротолқындардың қуаты, Вт	Әзірлеу уақыты, мин
Бисквит торты, қарапайым		170-180	100	40-50
Бисквит печенье*		150-170	-	70-90
Бисквит бәліш		160-180	-	30-40
Жұмсақ жемістер		170-180	100	35-45
Бисквит негіз, 2 жұмыртқа		160-170	-	20-25
Бисквит бәліш, 6 жұмыртқа		170-180	-	35-45
Қытырлақ қабықласы бар үгілмелі қамыр		170-190	-	30-40
Жеміс бәліш/чизкейк, кондитерлік негізі бар*		170-190	100	35-45
Швейцариялық ашық бәліш**		190-200	-	45-55
Дөңгелек торт**		170-180		40-50
Пицца, қамыры жұқа, толтырмасы аз		220-230	-	15-25
Татымды тәтті нан**		200-220	-	50-60
Жаңғақ қосылған торт		170-180	100	35-45
Құрғақ себіндісі бар ашытылған нан		160-180	-	50-60
Ылғал себіндісі бар ашытылған нан		170-190	-	55-65
Өрілген батон, 500 г ұн		170-190	-	35-45
Столлен, 500 г ұн		160-180	-	60-70
Штрудель, тәтті		190-210	100	35-45
Піспенан		150-170	-	25-35
Бадам печеньесі		110-130	-	35-45
Кекстер		160-180	-	35-40
Қайнатылған қамыр		200-220	-	35-45
Қатпарлы қамыр		190-200	-	35-45
Ұнмен ашытылған нан, 1,2 кг		210-230	-	50-60
Таба нан		210-230	-	50-60
Тәтті ашытылған қамырдан жасалған тоқаш		200-220	-	15-25

** тамақты бұралмалы үстелге қою керек

* бәлішті тұмшапеште біраз суытыңыз. 20 минут

ӘЗІРЛЕУ

ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

Accessories	Әзірлеу режимі	Температура °C гриль	Микротолқындардың қуаты, Вт	Әзірлеу уақыты, мин
Құмырада қуырылған сиыр еті, 1 кг		180-200	-	120-143
Орташа сиырдың жон еті, 1 кг		180-200	100	30-40
Жон еті, орташа, 1 кг		210-230	100	30-40
Стейк, орташа, қалыңдығы 3 см	-	3		әр жағы 10-15
Бұзау еті, 1 кг		180-200	-	110-130
Бұзаудың сирағы, 1,5 кг		200-220	-	120-130
Шошқа сүбесі, 500 г		220-230	100	25-30
Қозының ашамайы, 1 кг		210-230	-	40-50
Қойдың сан еті, сүйегімен, орташа, 1,5 кг		190-210	-	90-95
Ет орамасы, 1 кг		180-200	700+100	
Бүтін тауық, шамамен. 1,2 кг		220-230	300	35-45
Тауық, әрқайсысы 500 г жартылай*		180-200	300	30-35
Тауық порциялары, шамамен 800 г*		210-230	300	20-30
Тауық төсі, терісімен, сүйегімен, 2 дана, шамамен 350-450 г		190-210	100	30-40
Үйректің төсі, терісімен, 2 дана, әрқайсысы 300-400 г		3	100	20-30
Қаздың төсі, 2 дана, әрқайсысы 500 г		210-230	100	25-30
Қаздың аяқтары, 4 дана, шамамен 1,5 кг		210-230	100	30-40
Күркетауық төсі, шам. 1 кг		200-220	-	90-100
Күркетауық саны, шам. 1,3 кг		200-220	100	50-60
Балық стейкі, мысалы ақсерке, қалыңдығы 3 см, грильде дайындалған	-	3	-	20-25
Бүтін балық, 23 дана, әрқайсысы 300 г, грильде қырылған	-	3	-	20-30

ӘЗІРЛЕУ

ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

Accessories	Әзірлеу режимі	Температура °C гриль	Микротолқындардың қуаты, Вт	Әзірлеу уақыты, мин
Жұқа пицца		220-230	-	10-15
Табаға арналған түбі терең пицца		220-230	700	3 13-18
Шағын пицца		220-230	-	10-15
Пицца багет		- 220-230	700 -	2 13-18
Чипстер		220-230		8-13
Крокеттер		210-220	-	13-18
Балық таяқшалары		210-230	-	10-20

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ПЕШКЕ КҮТІМ ЖАСАУ

1. Пешті өшіріп, ашаны розеткадан суырыңыз.

2. Ылғал шүберекпен пештің ішін сүртіп, қабырғасынан тамақ қалдықтарын және төгілген сусындарды сүртіңіз. Қатты, абразивті тазалағыш заттарды пайдаланбаған дұрыс.

3. Пештің сыртқы бетін ылғал шүберекпен тазалау керек. Электр бөліктерін зақымдамау үшін, су желдеткіш тесіктерінен ішіне кірмеуі керек.

4. Суды басқару панеліне құймаңыз. Оны жұмсақ ылғал шүберекпен сүртіңіз. Абразивті тазалағыш құралдарды немесе бүріккіштерді пайдаланбаңыз.

5. Бу ішінде, сыртында, пеш есігінің жан-жағында жиналса, есікті жұмсақ шүберекпен сүртіп алыңыз. Пеш ылғалдығы жоғары ортада жұмыс істеген кезде бу жиналуы мүмкін.

6. Тазалау үшін әйнек түпқойманы шығарып, оны жылы сабын сумен немесе ыдыс жуатын машинаға салып жуыңыз.

7. Айналмалы өзекті/бұрамалы сақинаны және пеш қуысының түбін үнемі сабын сумен немесе ыдыс жуатын машинада жуып тұру керек (тым қатты шуыл болмауы үшін). Пештің түбін жұмсақ тазалағыш құралмен, сумен немесе әйнек жуатын құралмен тазалаңыз. Тамақ пісіру кезінде пайда болатын бу пеш ішінде және айналмалы өзек дөңгелегінде шөгеді, сондықтан оны жұмсақ шүберекпен кетіру керек.

8. Пештен иісті кетіріңіз. Ол үшін микротолқынды пешке терең ыдысқа су және лимон шырынын құйыңыз. Пешке микротолқын режимінде 5 минутқа қойыңыз, шығарып, пештің ішін жұмсақ шүберекпен сүртіп алыңыз.

9. АЖЖ қабырғаларын тазалаңыз. Терең микротолқынды ыдысқа жарты лимонды салып, 300 мл су қосыңыз. Пешке микротолқын режимінде 10 минутқа қойыңыз, шығарып, пештің ішін жұмсақ шүберекпен сүртіп алыңыз.

10. Пештің шамын ауыстыру қажет болса, дилермен кеңесіңіз, өйткені электр тогымен байланысты кез келген бөлікті маман ауыстыруы тиіс.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛМАС БҰРЫН:

1. Пеш жұмыс істемей тұрса, дисплей өшпейді немесе біресе өшіп, біресе қосылады:

a) Пеш желіге дұрыс қосылғанын тексеріңіз. Дұрыс қосылмаса, ашаны розеткадан суырып, 10 секунд күтіп, ашаны розеткаға қайта салыңыз.

b) Сақтандырғыштың күймегенін немесе электр тізбегінің тұйықталу механизмі ажырамағынын тексеріңіз. Дұрыс болса, осы розеткаға басқа асапаты тексеру үшін қосып көріңіз.

2. Жұмыс істемесе:

a) Таймердің орнатылғанын тексеріңіз.

b) Есіктің дұрыс жабылғанын тексеріңіз.

ЖОҒАРЫДАҒЫ КЕҢЕСТЕРДІҢ ЕШҚАЙСЫСЫ ЖҰМЫС ІСТЕМЕСЕ, ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ.

Маңызды: бұйым тек тұрғын жайда пайдалануға, электр магниттік энергияны пайдаланып тамақ жылытуға/пісіруге арналған.

РАДИО КЕДЕРГІЛЕР:

Микротолқынды пеш радио-, жылу қабылдағышта және басқа жабдыққа кедергі келтіруі мүмкін. Кедергілерді азайту үшін төмендегіні жасаңыз:

а) есігі мен бекіткіштерін тазалаңыз.

б) радио-, теле- қабылдағышты микротолқынды пештен алыс орнатыңыз.

в) радио-, теле- қабылдағыштағы антеннаны қабылдау сигналы мықты болуы үшін дұрыс орнатыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ҚАТЕЛЕР ТУРАЛЫ СИГНАЛ БЕРУ

МӘСЕЛЕЛЕР	СЕБЕПТЕР	ШЕШІМДЕР
1. Пеш қосылмайды.	Қуат сымы бос жалғанған.	Сымды розеткадан ажыратыңыз. 10 секундтан кейін оны қайтадан қосыңыз.
	Сақтандырғыш жанып кетті немесе автомат ажыратқыш іске қосылды.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе автоматты сөндіргішті қалпына келтіріңіз (жөндеуді білікті маман орындауы қажет).
	Ашаның ақауы	Розетканы басқа жұмыс істейтін электр аспаптарымен тексеріңіз.
2. Тұмшапеш қызбайды.	Есік толық жабылмайды.	Есікті толық жабыңыз.
3. Айналмалы бет микротолқынды пеш жұмыс кезінде дыбыстар шығарады.	Пештің төменгі жағына көп лас жиналған.	Лас бөлшектерін тазалау үшін «Микротолқынды пешті күту» бөлімін қараңыз немесе пештің қол жетпейтін жақтары ластанған болса, маманды шақыртыңыз.
E1 қатесі	Жылу өшіру функциясы қосылады	Қызмет көрсету орталығына телефон шалыңыз.
E4 қатесі	Жылу өшіру функциясы қосылады	Қызмет көрсету орталығына телефон шалыңыз.
E11 қатесі	Басқару панелі дымқыл.	Панельді құрғатыңыз
E17 қатесі	Жылдам жылыту сәтсіз аяқталды	Қызмет көрсету орталығына телефон шалыңыз.

КЕПІЛДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ

т.м. «MAUNFELD» компаниясының барлық өнімдері Ресей Федерациясы мен Кеден одағы елдеріндегі жұмыс жағдайларын ескере отырып шығарылады, Кеден одағының Техникалық регламенттерінің стандарттарына сәйкестігі бойынша тиісті сертификаттаудан өтті, атап айтқанда, ол TR CU 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы» және TR CU 020/2011 «Электромагниттік үйлесімділік техникалық құралдары» талаптарына сәйкес келеді.

Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін сізден осы нұсқаулықты, кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуды және сатып алу кезінде кепілдік талонын толтырудың дұрыстығын тексеруді өтінеміз.

Күнделікті өмірде пайдалануға арналған тұрмыстық техниканың қызмет ету мерзімі белгіленген. Бұл мерзім – өнім шығарылған күннен бастап 10 жыл. Өнімнің жоғары сапасы, сенімділігі мен қауіпсіздігін ескере отырып, нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен едәуір асып түсуі мүмкін.

КЕПІЛДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ

Кепілдік мына жағдайларда жарамсыз:

механикалық зақым, ластану, өзгертіп жасау, конструкциялық өзгертулер, жабдықты дұрыс орнатпағанда, жабдықты дұрыс пайдаланбағанда, жабдыққа дұрыс күтім жасамау мен тазаламауға қатысты әрекеттер, апаттар, дүлей апаттар, химиялық әсер, атмосфералық құбылыстар (түсінің өңуі, т. б.), дұрыс сақтамау, кепілдіктен тыс шеберханаларда жөндеу. Кепілдік бойынша кез келген талаптар қабылданбайды. Сонымен қатар, кепілдік сатып алушының техникалық параметрлерді таңдаған кезде дұрыс есептемеу кесірінен болған талаптарды ескермейді.

Ресейдегі өндірушінің ресми сайты www.maunfeld.ru info@maunfeld.ru

Беларусь Республикасындағы дистрибьютордың ресми сайты www.maunfeld.by

Қазақстандағы Республикасындағы дистрибьютордың ресми сайты www.maunfeld.kz

Өндіруші өнімнің сипаттамасын жақсарту мақсатында құрылымға өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Сервистік орталықтардың тізімі www.maunfeld.ru веб-сайтында «Сатып алушыларға» бөлімінде көрсетілген.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ТАСЫМАЛДАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

• Түпнұсқалық қаптаманы сақтаңыз.

• Түпнұсқалық қаптамада тасымалдаңыз, қаптамада бар тасымалдау белгілерінің талаптарын сақтаңыз.

• Егер түпнұсқалық қаптама болмаса, онда аспабыңызды сыртқы соққылардан қорғау үшін шаралар қолданыңыз. Оған ауыр затты қоймаңыз.

• Тасымалдау кезінде аспабыңызды еденге параллель ұстаңыз немесе қойыңыз (жоғарғы жағын жоғары қарай).

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Қаптама қоршаған ортаға зиянсыз қайта өңдеуге, қалдықтарды сақтауға және кәдеге жаратуға арнайы полигондарға сақтауға болатын экологиялық таза материалдардан жасалған. Қаптама материалдарында тиісті таңбалау бар.

Бұйымдағы немесе оның қаптамасындағы таңба оның тұрмыстық қалдық ретінде кәдеге жаратуға жатпайтындығын көрсетеді. Бұйымды болашақта кәдеге жарату үшін электрондық және электр құралдарды қабылдауға арналған сәйкес пунктке тапсырған дұрыс.

Бұйымды кәдеге жарату ережелерін сақтай отырып, сіз осындай қалдықтарды лайықсыз ұстау салдарынан болуы мүмкін қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын алуға көмектесесіз. Бұйымды кәдеге жарату туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті билікке, қалдықтарды шығару және кәдеге жарату бойынша қызметке немесе бұйымды сатып алған дүкенге жүгінуді өтінеміз.



СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

САТУДАН КЕЙІНГІ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Сізден келесі шараларды ұстануыңызды сұраймыз:

1. Тауарды сатып алған кезде сатушыдан кепілдік талонында өзінің белгісін қоюды талап етіңіз.

2. Бұйымыңызды пайдалану нұсқаулығына сәйкес пайдаланыңыз.

3. Бұйым бойынша сұрақтар пайда болса, қызмет көрсету орындарына кепілдік талоныңызда көрсетілген мекенжайлар бойынша хабарласуға болады.

4. Сервистік жұмыстар аяқталған соң қызмет көрсету маманынан кепілдік талоныңызға тиісті белгіні қойдырып алуды ұмытпаңыз.

5. Бұйымды пайдалану мерзімі – 10 жыл (аспаптың жұмыс істеуі үшін қажет қосалқы бөлшектердің сақтау мерзімі).

6. Кепілдік мерзімі пайдалану нұсқаулығына тіркелген кепілдік талонында көрсетілген.

Барлық MAUNFELD электр техникалық өніміне Кеден Одағының Техникалық регламентінің мына ережелері таралады:


КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»; КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі»;

ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды пайдалануды шектеу туралы».

ӨНДІРУШІДЕН АҚПАРАТ

Әр MAUNFELD тұмшапеші бірегей сериялық нөмірмен белгіленген. Сериялық нөмір тұмшапеш есігінің артында орналасқан затбелгіде көрсетілген.
Бұйымның өндірілген күні бұйымның сериялық нөмірінде көрсетілген.

Сериялық нөмір әріптер және цифрлардан тұрады:
Мысал:



Сауда маркасы	MAUNFELD
Өнімнің түрі.	Тұмшапеш
Үлгісі.	MCMO.44.9GB/GW/S/BG/XX
Өндіруші уәкілеттік берген тұлға. Ресей Федерациясындағы импорттаушы.	«МАУНФЕЛД РУС» ЖШҚ 123182, Мәскеу қ., Щукинская к-сі, 2 үй, 1 қабат, 170-бөлме, 1-каб. www.maunfeld.ru info@maunfeld.ru Тел. +7 (495) 380-19-82
Беларусь Республикасы аймағындағы импорттаушы.	«МАУНФЕЛД БАЙ» ЖШҚ 220015, БР, Минск облысы, Минск районы, Щомыслицкий селолық кеңесі, Антонишки ауылының аймағы, 92-үй, 1-корпус, 4-кеңсе www.maunfeld.by info@maunfeld.by Тел. +375 17 317-35-35



Техникалық қызмет көрсетудің барлық мәселелері бойынша, керек-жарақтарды сатып алу, сондай-ақ MAUNFELD жабдықтарының аймақтық қызметіне қатысты сұрақтар бойынша жақын жердегі уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біздің мамандар Сізге мүмкіндігінше тезірек көмектеседі.

Қызмет көрсету орталықтардың тізімін келесі веб-сайттан қараңыз:

www.maunfeld.ru

Өндіруші сатып алушыға алдын ала ескертусіз конструкцияға, өнім конфигурациясына және пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.